

Тараз қаласы аумағында қазақтың ұлттық сусындар сату жөнінде уақытша киіз үйлердің сауда нүктелерінің орындарын бекіту туралы

Күшін жойған

Тараз қалалық әкімдігінің 2006 жылғы 09 сәуірдегі № 398 қаулысы. Тараз қалалық әділет басқармасында 2006 жылғы 19 мамырда 30 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 72 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 27.01.2014 № 72 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 32, 43 баптарының негізінде, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа ала отырып, Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, жалпы пайдаланудағы жерлерде Тараз қаласының аумағында қазақтың ұлттық сусындар (қымыз, шұбат) сату жөнінде уақытша киіз үйлердің сауда нүктелерінің орындары бекітілсін.

2. "Тараз қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Мамедов Н.М.) маусымдық сипаттағы өнімдерді сату үшін тиісті шаралар қолданып, орындар бойынша жұмыстарды ұйымдастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е. К. Астаевқа жүктелсін.

Тараз қаласының әкімі
Тараз қаласы
2006 жылғы 9 сәуірдегі
№ 398 қаулысына қосымша

І. Тортаев
әкімдігінің

Қымыз және шұбат сататын нүктелердің ТІЗБЕСІ

№	Аудандар	Мекен-жайы	Саны
1	2	3	4
1	Байзақ	10 мөлтек ауданы, 11 мөл. ауд; Сатпаев көшесі гидрокомплекс маңы, автотұрақ жаны.	3

2	Жамбыл	"Тараз" қонақ үйінің қасында; 9 м/а. "Ынтымақ" базарының маңы; 8 м/а. -18 үй.	3
3	Жуалы	9 м/а. С.Сейфуллин көшесі Б.Момышұлы көшесінің бұрышы; Абай данғылы 168; 8 м/а. "Ақтоған" базары.	3
4	Кордай	7м/а, "Рас" кафесінің жанында; 6 м/а (Казхателеком маңы).	2
5	Мерке	Қалалық аурухана Жамбыл данғылы "Жібек-жолы" кафесінің жанында; ДК "Турксиб" (Т.Ж. Вокзалы); Облыстық ауыл шаруашылық департаментінің жанында.	3
6	Мойынкүм	3 м/а. қалалық сотқа қарсы.	1
7	Т.Рыскулов	10 м/а. Б.Момышұлы көшесі; 2 м/а. сауда орталығына қарсы ; Шостакович - АльФараби кош, кийлсында Толе би данғылы Мирзоян көшесінің бұрышы.	3
8	Сарысу	Рысбек батыр көшесі 2, Толе би кийлысы; 4 м/а. және 7 м/а. 2 үй; Койгелды көшесі ТарГУ жатақханасына қарсы.	2
9	Талас	8 м/а "Алатау" кафесінің арты; Сулеймен көшесі "Халық банк" бөлімшесіне қарсы ; А.Аскаров көшесінің аяғы.	2
10	Шу	3 м/а. қалалық сотқа қарама-қарсы.	1
11	Тараз қаласы	7 м/а. нан зауытының жанында; 2 м/а. монша маңы; "Тараз-су" мекемесінің жанында; 7 м/а. 48 үй "Диана" дүкенінің маңы; Облыстық әкімдіктің маңында.	5
Барлығы:		28	